



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

19.04.2021 № 365

Нұр-Сұлтан қаласы

город Нур-Султан

**Қазақстан Республикасы Қаржы
министрлігінің 2020-2024 жылдарға
арналған даму жоспары туралы**

«2021 жылға арналған республикалық бюджеттің көрсеткіштерін түзету және «2021 – 2023 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 10 желтоқсандағы № 840 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2021 жылғы 3 сәуірдегі № 204 және «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 790 қаулыларына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қосымшаға сәйкес берілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2020-2024 жылдарға арналған даму жоспары бекітілсін.
2. «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2020-2024 жылдарға арналған стратегиялық жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № 1210 бұйрығы жойылсын.
3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Персоналды басқару және стратегия департаменті (Қ.К. Орынханов) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

Е. Жамаубаев

«Келісілді»:

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі

Ә. Ерғалиев

008901

**Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің
2020 - 2024 жылдарға арналған
даму жоспары**

1-бөлім. Миссиясы мен пайымы

Миссия. Халықтың әл-ауқатын жақсартуға және ұзақ мерзімді перспективада елдің орнықты дамуына жәрдемдесу.

Пайымы. Қаржы министрлігінің 2020-2024 жылдарға арналған даму жоспары әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіру жөніндегі жалпыұлттық мақсатқа қол жеткізуге бағытталған.

ЭЫДҰ елдерінің деңгейіне дейін адамдардың материалдық әл-ауқатына қол жеткізуге бағытталған экономиканың сапалы және тұрақты өсуіне қол жеткізу.

2-бөлім. «Стратегиялық және бюджеттік жоспарлаудың өзара байланысының архитектурасы»

2.1. Елдің нысаналы индикаторлар мен көрсеткіштері		
Қазақстанның 2050 жылға дейінгі даму стратегиясы		
Елдің мемлекеттік қарызының деңгейін тұрақты бақылауда ұстау.		Әлемдік тұрақсыздық жағдайында бюджеттің тұрақтылығы мен ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін Үкіметтің күш-жігері бюджет тапшылығын азайтуға жұмылдырылуға тиіс.
Стратегиялық объектілерді жекешелендірудің екінші толқынын өткізу.	емес	Жекешелендірудің екінші толқыны мемлекеттің экономикаға қатысуын қысқартуға және жеке бизнесті дамыту үшін жағдай жасауға бағытталған. Бәсекелес ортада пайданы барынша арттыруға мүдделі жеке бизнес қызметтер спектрін кеңейтетін және олардың сапасын арттыратын болады. Ұсынылатын қызметтердің сапасын жақсарту, бәсекелестікті енгізу, көрсетілетін қызметтердің көлемі мен спектрін ұлғайту есебінен қызметтер құнын төмендету күтілуде.
Бизнеске	әкімшілік	Салықтық қадағалауды прагматикалық азайту

<p>жүктемені төмендетуге бағытталған салық, кеден және өзге де заңнаманы ырықтандыру және оңтайландыру.</p>	<p>шаруашылық жүргізуші субъектілердің салық қызметімен байланысын азайтуға тиіс. Салықтық әкімшілендіру процестерін, оның ішінде электрондық салық есептілігі жүйесін одан әрі дамыту жолымен оңтайландыру жалғасатын болады</p> <p>Сыртқы сауда операцияларын әкімшілендіруді жетілдіру кеден қызметтерін көрсету процестерін автоматтандыру және цифрландыру арқылы құрылатын болады.</p> <p>Сыртқы сауда саласында жүктерді тексеріп қарау саны едәуір қысқартылатын болады.</p>
<p>Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіруі жөніндегі тұжырымдамалар</p>	
<p>Жалпыға бірдей декларациялауды енгізу.</p>	<p>Жалпыға бірдей декларациялауға көшу көлеңкелі экономикамен және сыбайлас жемқорлық көріністерімен күресу үшін жеке тұлғалардың кірістері мен мүлкін тиімді бақылау жүйесін құруға, салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді жинауды қамтамасыз етудегі мемлекеттің рөлін күшейтуге мүмкіндік береді.</p>
<p>Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары</p>	
<p>«Көлеңкелі» бизнесті азайту және «ашық» бизнесті жүргізу үшін жағдай жасау.</p>	<p>Бизнесте серіктестік қатынастарды құру және көлеңкелі экономиканың үлесін азайту мақсатында салықтық және кедендік әкімшілендіруді цифрландыруға негізделген құжаттық және физикалық қадағалауды қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелер кешені болып табылатын өнімнің бақыланатын ұлттық жүйесі енгізілуде.</p> <p>Импорттан түпкі тұтынушыға дейін бақылауды енгізу тауарлардың импорттан Қазақстан Республикасының аумағына оның соңғы сатылымына дейін қозғалысын бақылауды қамтамасыз ету арқылы салықтық түсімдерді ұлғайтуға мүмкіндік береді.</p>
<p>Ішкі мемлекеттік аудитті дамыту</p>	<p>Ішкі мемлекеттік аудитті оның объектілері қызметінің ерекшеліктеріне қарай Мемлекеттік органдардың дерекқорларымен, электрондық мемлекеттік аудит Тәуекелдерін басқару жүйесімен интеграциялай отырып, цифрландыру</p>

	<p>қамтамасыз етілетін болады.</p> <p>Аталған шара аудит объектілерінің тәуекелді операциялары және бюджеттік қаражат мемлекеттік аудитпен қамту үлесін ұлғайтады.</p>
<p>Барлық рәсімдердің толық ашықтылығын қамтамасыз етумен жекешелендіруді жалғастыру.</p>	<p>Орталықтандырылған веб-сайтта қазақ, орыс, ағылшын (қажет болған жағдайда өзге) тілдерінде, жоспарлардың, процедуралардың, мерзімдердің, объектілердің, мәмілелердің параметрлері мен құрылымы, сату алдындағы дайындық және мәмілелер жасау барысы, мәмілелердің нәтижелері туралы өзекті ақпарат ұсынылатын болады.</p> <p>Әлеуетті инвесторлар мен жұртшылыққа жекешелендірудің барысы мен нәтижелері туралы ұдайы хабардар ету жүргізілетін болады.</p> <p>Осы шаралар қоғам тарапынан мемлекетке деген сенімді нығайтуға ықпал етеді және мемлекеттік меншікті, сондай-ақ ұлттық компаниялардың активтерін шектеулі тұлғалар тобының пайдасына адал қайта бөлуге кедергі келтіретін болады.</p>

Мемлекеттік органның стратегиялық бағыттары

<p>1-стратегиялық бағыт «Қаржы жүйесінің тұрақтылығына жәрдемдесу»</p>	<p>2-стратегиялық бағыт «Мемлекеттік активтер мен қаржыны әкімшілендіру жүйесін жаңғырту»</p>
--	---



<p>1.1-мақсат. «Бюджеттің теңгерімділігін қамтамасыз ету және мемлекеттік қаражатты пайдалану тиімділігін арттыру»</p>	<p>2.1-мақсат. «Мемлекеттік активтерді басқару тиімділігін арттыру»</p>	<p>2.2-мақсат. «Қолайлы бизнес – орта құру және бизнес пен халық үшін әкімшілік кедергілерді азайту»</p>
<p>002 «Халықаралық қаржы ұйымдары қаржыландыратын инвестициялық жобалардың аудитін жүзеге асыру» бюджеттік бағдарламасы</p>	<p>094 «Мемлекеттік активтерді басқару» бюджеттік бағдарламасы</p>	<p>205 «Шекарадағы өткізу пункттерін жаңғырту және техникалық жарақтандыру» бюджеттік бағдарламасы</p>
<p>006 «Халықаралық қаржы ұйымдарының акцияларын сатып алу» бюджеттік бағдарламасы</p>		
<p>011 «Мемлекеттік кепілдіктер бойынша міндеттемелерді орындау» бюджеттік бағдарламасы</p>		

013 «Үкіметтік борышқа қызмет көрсету» бюджеттік бағдарламасы		
019 «Жеңілдікті тұрғын үй кредиттері бойынша бағамдық айырманы төлеу» бюджеттік бағдарламасы		
030 «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ақпараттық жүйелерін құру және дамыту» бюджеттік бағдарламасы		
042 «Жаңа бастамаларға арналған шығыстар»		
044 «Жай вексельдерді өтеу және қызмет көрсету» бюджеттік бағдарламасы		
072 «Салықтық әкімшілендіру жүйесін реформалау» бюджеттік бағдарламасы		
099 «Астана» халықаралық қаржы орталығының әкімшілігі» АҚ-ға нысаналы аударым» бюджеттік бағдарламасы		
120 «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау» бюджеттік бағдарламасы		
2.2. Мемлекеттік органның ережесінде айқындалған өзге де міндеттерді шешуге бағытталған бюджеттік бағдарламалар		
001 «Бюджеттік жоспарлау, мемлекеттік бюджеттің атқарылуын және орындалуын қамтамасыз ету және экономикалық және қаржылық қылмыстар мен құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы		
010 «Қазақстан Республикасы Үкіметінің резерві» бюджеттік бағдарламасы		
067 «Саяси партияларды қаржыландыру» бюджеттік бағдарламасы		
400 «Субвенциялар» бюджеттік бағдарламасы		

3-бөлім. Стратегиялық бағыттар, макроиндикаторлар, мақсаттар мен нысаналы индикаторлар

p/c №	Индикатор	Жауаптылар	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	2018 жылғы есеп	2019 жылғы факт	Жоспарлау кезеңі				
							2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
1-стратегиялық бағыт «Қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету»											
	Макроиндикаторлар										
1.	ЖІӨ-де шоғырланды-	Қаржы вице-	Әкімшілік	%	17,9	17,8	13,1	13,9	14	14,1	15,0

	рылған бюджеттің салық түсімдерінің үлесі	министрі К.Е. Баеділов	дерек-тер								
2.	Бюджет ашықтығының индексі	Қаржы вице-министрі Е.Қ. Қарашөкеев, Қаржы вице-министрі Т.М. Савельева	Есеп ХБҚ	Балл	-	58	-	59	-	60	-

1.1-стратегиялық мақсат «Бюджеттің теңгерімділігін және орындалуын қамтамасыз ету»

	Бюджеттік бағдарламалар мен өзара байланысқан нысаналы индикаторлар										
1.	Мұнай емес сектордан түсетін салық түсімдерінің өсу қарқыны	Қаржы вице-министрі К.Е. Баеділов	Әкімшілік дерек-тер	%	-	-	76,3	100	103	104	105
2.	Мемлекет қарызының ЖІӨ-ге қатынасы	Қаржы вице-министрі Д.М. Кеңбеил	Әкімшілік дерек-тер	%	-	-	23,9	24,2	25,0	25,2	25,0
3.	Мемлекеттік аудит қортындылары бойынша анықталған бұзушылықтарды жоюды қамтамасыз ету	Қаржы вице-министрі Д.М. Кеңбеил	Әкімшілік дерек-тер	%	91	92	93	94	95	96	97
4.	Мемлекеттің қаржылық міндеттемелерін уақтылы орындау	Қаржы вице-министрі Д.М. Кеңбеил	Әкімшілік дерек-тер	%	100	100	100	100	100	100	100
5.	Төрт деңгейлі мемлекеттік бюджеттің	Қаржы вице-министрі	Әкімшілік дерек-	%	-	-	100	100	-	-	-

	тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету	Е.Қ. Қарашөкеев	тер									
6.	Корпоративтік бизнес жобаларын сауықтыру үлесі	Қаржы вице-министрі Е.Қ. Қарашөкеев	ФПК есебі	%	-	-	95,45	97,72	100	-	-	
7.	Қытайдың кедендік статистикасымен алшақтықты қысқарту	Қаржы вице-министрі К.Е. Баеділов	Әкімшілік деректер	%	-	-	47,8	44,5	42,5	40	37	
8.	Жеке тұлғалардың кірістері мен шығыстарын жалпыға бірдей декларациялау мен қамту	Қаржы вице-министрі К.Е. Баеділов	Әкімшілік деректер	%	-	-	-	3,6	-	12,6	35,3	
9.	Бюджеттік және стратегиялық жоспарлаудың автоматтандырылған процестерінің үлесі	Қаржы вице-министрі К.Е. Баеділов	Әкімшілік деректер	%	-	-	44	100	-	-	-	

2-стратегиялық бағыт «Мемлекеттік активтерді және қаржыларды әкімшілендіру жүйесін жаңғырту»

2.1-мақсат Мемлекеттік активтерді басқарудың тиімділігін арттыру

	Бюджеттік бағдарламалармен өзара байланысқан нысаналы индикаторлар											
10.	Республикалық меншік объектілерін қысқарту	Қаржы вице-министрі Е.Қ. Қарашөкеев	Әкімшілік деректер	%	-	-	80	85	90	91	95	

2.2-мақсат. Қолайлы бизнес орта құру және бизнес пен тұрғындар үшін әкімшілік кедергілерін төмендету

	Бюджеттік бағдарламалармен өзара байланысқан нысаналы индикаторлар										
11.	Автокөлік пункттерінде кедендік операцияларды өткізу уақытын қысқарту	Қаржы вице-министрі К.Е. Баеділов	Әкімшілік деректер	сағат	-	-	2	1 час 30 мин	1	40 мин	30 мин
12.	Банкроттық рәсімдерді жүргізу мерзімдерін қысқарту	Қаржы вице-министрі К.Е. Баеділов	Әкімшілік деректер	айына саны	-	-	17	16	16	15	15
13.	Автоматтандырылған мемлекеттік қызметтердің үлесі	Қаржы вице-министрі К.Е. Баеділов	Әкімшілік деректер	%	68,2	71,2	92	93	94	95	96
14.	Электрондық мемлекеттік сатып алу жүйесіне қанағаттанған пайдаланушылардың үлесі	Қаржы вице-министрі Д.М. Кеңбеил	Әкімшілік деректер	%	81,9	82	82,5	83	83,2	83,4	83,5
15.	Қаржылық есептілік депозитарийін пайдаланушылардың ХҚЕС және ХАС стандарттарымен қанағаттануы	Қаржы вице-министрі Д.М. Кеңбеил	ҚОД	%	75	81	82	83	84	85	86

4-бөлім. «Ресурстар»

Ресурстар	Өлш. бірлігі	Есепті кезең 2018 жыл	Ағымдағы кезең жоспары 2019 жыл	Жоспарлы кезең				
				2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл
1	2	3	4	5	6	7	8	9
Қаржы	мың теңге	2 393 314 657	2 677 534 049	3 403 842 341	3 550 454 220	3 770 235 773	3 608 539 773	
Адами	саны	19 883	19 883	19 808	17 218	17 218	17 218	17 218